

Қырғызстанның көршілеріне өте қажетті бұл жалғыз ресурс және бұл қоршаған елдермен кейбір даулы мәселелерді шешуде республика үшін сыртқы саяси аргумент болады.

Мысалы, Бішкек бірнеше рет Қазақстан мен Өзбекстаннан Қырғызстаннан шығатын су ресурстарының бағасын анықтауды талап етті, сол арқылы су тасымалын мемлекетаралық қатынастардың мәні етпекші болды. Мәселе мынада, суды пайдаланудағы халықаралық құқық пен тәжірибе бойынша трансшекаралық өзендердің ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы талап етуге бірде-бір мемлекетте құқық жоқ. Өзен барлық өзен жағалауындағы мемлекеттердің ортақ игілігі болып табылады. Әрбір осындай мемлекет өзінің орналасуына-өзеннің бастауында немесе сағасына қарамастан кезкелген басқа мемлекеттен құқығы аз емес. Өзінің орналасқан жерінің басымдылығын пайдалана отырып, белгілі-бір мемлекетпен бір жақты пайданы көздеу басқа мемлекеттердің су көздерін қолдануға заңды құқықтарды шектеу болып табылады және де осымен байланысты

оған жол берілмеу керек. Трансшекаралық өзендердің табиғи ресурстары барлық көршілес мемлекеттерге тең дәрежеде тиесілі болуы керек.

1. *Болевые точки Центральной Азии и пути их нейтрализации.* – Алматы, 2001. – 49-50 б.

2. *Аубакирова А. Геополитика и географические факторы в формировании внешне политической стратегии РК.* – Алматы, 2003.

3. *В третьем тысячелетии за H₂O будут воевать // Аргументы и факты.*

В статье анализируется геополитическое развитие Центральноазиатского региона, основные вызовы и угрозы, а также противоречия региональных государств.

In article geopolitical development is analyzed Is central - the Asian region, the basic calls and threats, and also contradictions of the regional states.

Ж. Төлен

ҚР САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕРІ

XXI ғасыр әлемдік саясатта алып өркениеттердің (супердержава) шешуші фигура рөлін атқарып, қоғамда сол бірнеше өркениеттердің өзара мәдени, саяси, діни ерекшеліктеріне қарай өркениеттер аралық қақтығыстың орын алатындығын батыс футурологтары болжаған болатын. Бұл өркениеттер арасындағы қақтығыстың, келіспеушіліктің түп негізі әр түрлі ұлттар мен этностар, діни ұйымдар мен конфессиялар арасындағы араздықтан туындап отыр деп түйіндейді. Осы тұрғыда елімізде 140-қа жуық этностар мен 46-дан астам конфессия орын алғанын білеміз. Ал осы этностар мен діни конфессиялар арасындағы келісімді, татулықты сақтау елімізде тұрақтылықтың орын алуының басты шарты болып табылады.

Еліміз сан ғасыр тарих талқысына түскен, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, мемлекетіміз демократиялық даңғыл даму жолына бет түзеп, саяси тұрақтылыққа қол жеткізу, егемендігімізді баянды ету мақсатында көптеген салаларда реформалар жасады. Әсіресе мемлекеттің біртұтастығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздің саяси тұрақтылығы қоғамда ең басты назар аударғанын мәселенің біріне айналды.

Тарих тәжірибесіне жүгінсек, қай мемле-

кеттің болмасын тұрақтануында, тәуелсіздігінің сақталуында, оның қарыштап дамуында саяси тұрақтылық мәселесі өзекті болып саналады.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде саяси тұрақтылық мәселесі өте өткір проблемалардың бірі болып отыр және барлық елдер толығымен әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрақтылыққа жету проблемасын шешуге тырысып бағуда. Тұрақты және толыққанды даму үшін қоғамның барлық салаларында тұрақтылық қажет екенін білеміз. Оның ішінде мемлекет дамуының басты шарты – саяси тұрақтылық.

Ал саяси тұрақтылық дегеніміз: «Бұл сыртқы және ішкі әсерлер жағдайында, өзінің құрылымын және қоғамдық өзгеріс процестерін бақылауға қабілеттілігін сақтай отырып, тиімді жұмыс істеуге және дамуға мүмкіндік беретін қоғамның бір қалыпты жағдайы» [1].

Саяси тұрақтылық бұл – мемлекеттің саяси жүйесінің өзгермейтін қатаң қағидаға негізделген тұрақты дамуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерін, дамуын қоғамдық-саяси ортада қалыптасқан тұрақтандырушы фактор ретінде қарастыру.

Саяси тұрақтылықтағы басты нәрсе – бұл билік құрылымдары қызметінің легитимділігінде, айқындылығында, тиімділігінде байқа-

латын саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарының тұрақтылығында, мінез-құлық типтерінің үйреншіліктегі, саяси қатынастардың бір қалыптылығында байқалатын тәртіпті қамтамасыз ету.

Батыс елдерінде «саяси тұрақтылық» саяси жүйенің өзгерістерін талдау үшін, оның жұмыс істеуінің оңтайлы тетіктерін іздестіру үшін қолданылды.

Өте қарқынды түрде даму үстіндегі Қазақстан мемлекеті үшін де қоғамның тұрақтылығы, мемлекеттің ұйысуы, қоғамның топтасуы, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету негізгі мәселеге айналып отыр.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң қоғамның саяси-әлеуметтік тұрақтылығын сақтай отырып, мемлекетті жедел қарқынды түрде дамытуға кірісті. Мемлекеттің құқықтық, саяси, экономикалық даму бағыттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ұлттық келісім мен саяси тұрақтылыққа, ұлттық қауіпсіздіктің орнауына баса назар аударылды.

Бұл турасында Ата заңымыз Конституцияның I - бабында: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: **қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық**; бүкілхалықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламентте дауыс беру арқылы шешу», - деп қарастырылған [2].

Конституцияда көрсетілгендей мемлекеттің басты принциптерінің бірі ретінде, қоғамның тұрақтылығын сақтау үшін әрине саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнауы шарт.

Көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстанның бүгінгі таңда ұстанып отырған басты саясаты тек келісімге, диалогқа келу яғни ымырагершілік «жақсы араздықтан жаман татулық жақсы» дейтін қағидаға негізделіп отыр. Сыртқы саясатта көпвекторлы ұстаным, барлық мемлекеттермен достық қарым-қатынаста болу, әсіресе көрші елдермен, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Ал ішкі саясатқа келсек, елімізде бірнеше этностар мен ұлттар орын алғандықтан сол этностар мен ұлттардың құқықтық, саяси теңдігін сақтай отырып, бір идеологияға, бір мақсат мүддеге қоғамды топтастыру. Ол идеология мемлекетте өмір сүріп отырған бүкіл халықтардың Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық дамуы үшін бір мүддеге біріге отырып іс-әрекет жасауы. Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының тұрақты түрде ұзақ мерзімді даму мақсатында еліміздің алға қойған мұратын: «Біздің еліміздің мұраты: ұлттық біртұтас-

тық, әлеуметтік әділеттілік тән әрі кәлі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, гүлденген және **саяси тұрақты Қазақстанды сомдау деп санаймын**» - деген болатын [4].

Географиялық орналасу аймағы мен мемлекеттің даму қағидасы талап еткендей ел қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілермен берік достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Ал, әлеуеті артқан, жоғары деңгейдегі дамыған мемлекет болу үшін әрине мемлекеттің ең бірінші ішкі потенциялы жоғары, ішкі саяси тұрақтылығы орныққан, біртұтас ел болу қажет.

Ішкі біртұтастық пен саяси тұрақтылыққа қол жеткізу үшін елімізде өмір сүріп отырған барлық ұлттар мен этностардың құқықтық, саяси теңдігін сақтау қазіргі уақыттағы мемлекеттің басты ұстанымына айналып отыр.

Қазақстандағы этностар мен ұлттар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы елімізде ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз. Мұны амалға асыруда Елбасы:

« - Еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру;

- Этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;

- Қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көңіл бөлу;

- Өтпелі және кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;

- Ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылықты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;

- Адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту;

- Әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділікпен сенімді қарым-қатынастарды нығайту», сияқты стратегиямыздың құрамдас бөліктерін атап өткен болатын [5].

Елбасымыз осы уақытқа дейін қалыптастырып, ұсынған біздің идеологиямыз – **ұлттық бірлік**, мұның астарында Қазақстанда өмір сүретін этностық, діни, әлеуметтік-мәдени топтардың қауымдастығы жатыр.

Қазақстанда этносаралық татулық пен келісімді, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің бүкіл

ішкі саясатының өзегі болды. Сонымен қатар ұлттық-мәдени әралуандық пен бірлікті жаңғырту әрі дамытудың мемлекеттік саясаты жүзеге асырылды.

Ел бірлігі доктринасы да қоғамды әрі қарай ұйыстыруға, Қазақстан халқын біріктіруге, оларға ортақ құндылықтар жасауға қолайлы шарттарды қалыптастыруға бағытталған. Қазақстанда этностық емес, азаматтық қауымдастық құру, этностық ерекшеліктеріне қарамастан, мемлекеттің барлық азаматтарына бірдей құқықтар беру, жауапкершілік арту, мүдделерін тоғыстыру. Бұл әлемдік тәжірибеге және Қазақстан жағдайына сараптама жасасақ біз үшін ең тиімді жол. Қалыптасқан халықаралық тәжірибе бойынша ұлттық мемлекетте бір ғана ұлт, яғни саяси ұлт өмір сүреді, ал мемлекеттің азаматтары түрлі этнос өкілдері. Оларды біріктіретін ортақ тіл, ортақ құндылықтар, ортақ мүдде мақсаттар болуы шарт. Бұл тұрғыда барлық этностардың ұйысуы, топтасуы қазақ ұлты негізінде ғана амалға аспақ.

Президентіміз атап өткендей: «Қазақ халқы Қазақстанда мемлекеттің негізгі құраушы этносы болып табылады, сондықтан ол басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алуы қажет, ал басқа этностар оған түсіністікпен қарауы керек».

Елбасы Н.Ә.Назарбаев саяси тұрақтылық орын алу үшін міндетті түрде елімізде өмір кешіп отырған ұлттар мен этностардың теңдігі, өзара жарасымды түсіністікпен өмір сүруі, ал ол ұлттарды ұйыстырушы, ортақ келісімге келуіне негіз болар қазақ ұлты екендігін, яғни басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алып, қоғамда доминанттылық таныту қажеттілігін: **«Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде»** атты еңбегінде «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету», - деп атап өтті.

Президент Н.Ә.Назарбаев қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты нығайту үшін төмендегідей міндеттер шешілуі тиіс деп қарастырады:

«Саяси салада:

- Демократиялық өзгерістерді тереңдету мен жаңа саяси қайраткерлер, лидерлерді ұсынатын, көп ұлтты қоғамда келісім орнықтыруға ықпалды көппартиялық жүйе құру;

- Саяси мақсат ретінде, экономикалық реформалардың табысты жүзеге асуының басты шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

- Қазақстанның егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси ерекшеліктерді есепке ала отырып, көпжақты және түрлі

вариантты әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау;

- Адамның демократиялық құқығы мен бостандықтарын сақтау, әлемдік экономикадан өз орнын табу арқылы әлемдік қоғамдастықтағы байланыстарға қосылу технологияларында Қазақстанның ұтымды геосаяси жағдайын пайдалану.

Ал экономика саласында:

- Әлеуметтік нарықтық экономиканы қалыптастыру;

- Адамның экономикалық өзін-өзі айқындауы қолайлы құқықтық және басқа да жағдайлар жасау;

- Тұтыну нарығын жетілдіру;

- Қазақстан дамуы үшін шетел инвестицияларын тарту және тиімді пайдалану;

Әлеуметтік даму саласында:

- Іс жүзінде баршаның (бала жастағы, жасөспірім, еңбекке қабілетті және қабілетсіз жастағы) бақуаттылығын қамтамасыз ететін қоғам құру;

- Әр бір талабы барға кәсіпкерлікпен айналысуды қамтамасыз ету;

- Қазақстанның ұлттық-мәдени көптүрлілігін сақтау және этникалық өзіндік болмысты дамыту, сол арқылы әлемдегі қауымдастық саяси жағынан тұрақты аймақ ретінде ел беделін нығайту;

Экономиканың тұрақтануы мен өсуіне, оның әлемдік шаруашылық байланыстарымен ықпалдасуына сәйкес жалақы, зейнетақы мен қосымша төлемақыларды өсіру, бірақ заңсыз баюға жол бермеу; Осылайша Қазақстан ашық қоғамды, демократиялық бейбітшіл мемлекет ретінде дамуға ұмтылады» [6].

Елбасы ұсынған аталған мемлекет алдындағы мақсат-міндеттер Қазақстанның ұзақ мерзімді қарқынды түрде дамуы мен әлемдегі ең дамыған мемлекеттер санатына кіруі арқылы елімізде тұрақтылықты яғни саяси динамикалық тұрақтылықты орнату межесі алға қойылған.

Қазақ халқының елімізде қоғамның саяси тұрақтылығын сақтауға, ауызбіршілік пен бейбітшілік, татулық принциптерін ұстанатындығына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің әр жылғы жолдауларында да ерекше тоқталып өтеді. Атап айтсақ, былтырғы жолдауда: *«Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде мен туған халқымның ынтымақ пен ауызбіршілік танытарына сенемін. Сіздер өздеріңіз бас болып өзге отандас ағайындарға ұйытқы болыңыздар. Әрдайым кеңдік пен кемеңгерлік, сабырлық пен іскерлік көрсетіңіздер»* деген болатын [7].

Сонымен қатар биылғы жолдауда да ауызбіршілік, ынтымақтастық, қазақ халқының жауапкершілік міндетін тағы да қадап айтты: *«Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып*

өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік тугызу. Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз» [8].

Тәуелсіздікті нығайта түсудің, ел тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі – Қазақстанда өмір кешіп отырған барлық ұлттар мен этностардың бойында еліміздің тәуелсіздігін айрықша қастерлейтін қасиет – ұлттық рухты күшейту, патриотизмді қалыптастыру болып табылады. Бұл сан ғасырлар бойы тарихта қалыптасқан өзгермейтін формула.

1. Р.Б.Әбсаттаров. «Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік: жүйелік талдау // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеметтік ғылымдар және саясаттану сериясы

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. – 4 б.

3. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан - 2030. Барлық

Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: Білім, 1998-256 б.

4. Сонда, 29 б.

5. Сонда, 42 б.

6. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождение евразийской цивилизации. – М.: Экономика 2000. - 543 с.

7. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға», 2009 жылғы 6 наурыз // www.akorda.kz

8. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», 2010 жылғы 29 қаңтар // www.akorda.kz

В данной статье рассматриваются основные аспекты обеспечения политической стабильности РК. Анализируются межнациональные и межконфессиональные отношения в обществе.

At this article studied main aspects of maintenance of political stability RK. Also analyzed international and interconfessional relations in a society.

И. Әбілдаев

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ БРЕНДІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Белгілі бір мемлекет туралы ой қалыптастыру, дәл сол мемлекеттің халықаралық деңгейдегі іс-әрекетіне, сол елдің ықпалды және беделді тұлғалардың әрекетіне, саяси және қоғамдық қызметкерлердің ойы арқылы жүзеге асуы мүмкін. Әр мемлекет өзіндік болмысы, ұлттық мүдделері, географиялық ерекшеліктері, экономикалық және саяси жүйесі, өз мәдениеті, дәстүрі бар құндылықтар жиынтығы болып табылады.

Аталып өткен мемлекет компоненттерінің барлығы ұлттық брендтің, мемлекеттің халқаралық имиджінің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосады. Осы зерттеудің басты мақсаты, мемлекеттік бренд жүйесінің жалпы қоғамның, мемлекеттің дамуына, саяси және әлеуметтік-экономикалық көркейуіне қосатын үлесі қандай болмақ ?

Соңғы жылдары «ұлттық (мемлекеттік) бренд», «ұлттық айдентика», «географиялық мекендердің брендингі», «қоғамдық дипломатия» ұғымдары кең қолданысқа ие болып, ал осы саладағы зерттеулерге қажеттілік деңгейі ұлғайып келеді.

Қазіргі жаһандану заманында, мемлекеттердің бір-бірімен саяси және саяси-әскери қарым қатынасы, бір-біріне экономикалық

тәуелділігі, дәл осы мемлекеттерге жетістіктермен қатар, бір-бірімен қатаң бәсекелестікке алып келуі ақиқат. Осы ретте кел келген мемлекет жаһанданудың кері ықпалында кетпеуі үшін, өзінің ұлттық болмысын, мәдениетін, саяси және экономикалық дербестігін, ерекшелігін осы мемлекеттің ұлттық бренді арқылы сақтап қалуы әбден мүмкін. Бұндай қызығушылық әлемдегі жаһандану тенденцияларының кең етек алып, қарқындап дамып келетіндіктен, ұлттық мемлекеттер өзара тәуілділіктің қауіпті салдарына жоғары деңгейде жауап бері үшін, әр ұлттың төл мәдениетіне, болмысына, ерекшелігіне төніп тұрған қауіп-қатерлерге дайын болуы шарт. Бұған әлемде жоғалып кеткен тілдер, жұтылып кеткен елдер айқын дәлел бола алады.

Барлық бұрынғы ТМД мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан бері өзінің ұлттық брендин қалыптастыруға барынша көңіл бөліп келеді. 1990 жылдан бастан жаңадан дербес болған Орталық Азия мемлекеттерінің саяси элитасы ұлттық идеологияны құруға және өз мемлекетін ұтымды ерекшелейтін ұлттық нақыштағы брендті қалыптастыра бастады. Бұл ретте енді ғана тәуелсіз болып, экономикалық және саяси транзиттің, модернизацияның күрделі